

ӘОЖ 811.57

ТҮРІК ӘДЕБИЕТІНДЕГІ АШЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Аятбек Айжан

aishabibi_kalzhan@mail.ru

ЕҰУ-дің Халықарлық қатынастар факультетінің 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Ғылыми жетекші – А. Жалмырза

Түркі халықтарының екі үлкен бұтағы саналатын қыпшақ тобынан қазақ және оғыз тобынан түріктердің ортақ атажұртта бірге өмір сүрген кезеңін ХІІ ғасырға дейінгі мерзім деп білсек, ХІІІ ғасырдан бүгінгі күнге дейінгі екі туысқан халықтың екі жақта өмір сүрген кезеңі болып саналады. Қазақтар түркі халықтарының қара шаңырағы болған ата жұртында, түріктер болса Кіші Азиядағы Анадолы жерін тағдырдың талайын өткерді. Қандай кезеңде қай жағдайда болмасын туысқан екі халықтың рухани және материалдық мәдениеттеріндегі ортақ ежелгі ата-бабалық негіздер жақсы сақталды. Әрине, екі халықтың да жағрафиялық территорияларының жырақтығы, қоғамдық-әлеуметтік, саяси және идеологиялық құрылымдардың өзгешеліктері, өзге өркениеттермен ықпалдастығы секілді мәселелердің әсерінен елеулі өзгешеліктердің де қалыптасуы заңды құбылыс. Дегенмен, екі бауырлас халықтың да ежелгі замандардан қазіргі уақытқа дейінгі ұқсастықтарын танытатын ықпалды арна - сөз өнері мұраларының үндестігі екені де даусыз. Қазақ және түрік халықтарының ауыз әдебиеті мен көне әдебиетіндегі ежелден бері сақталған тақырыптық, идеялық, жанрлық

тектес үндестік ерекшеліктерін саралау – аса маңызды мәселе. Әсіресе, түрік ашықтары мен қазақ жырауларының шығармашылығындағы ғасырлар бойы сақталып келген поэтикалық үндестіктерді арнайы қарастыру өзекті тақырыптардың бірі деп санаймыз.

Ғасырлар бойы қазақ және түрік халықтарының ұлттық-этнографиялық, мінез-құлық психологиясын өздерінің туындылары арқылы сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келген түріктің ашықтары, қазақтың жыраулары – рухани құндылықтарды, мәдениеттерді сақтаушылар мен жалғастырушылар.

Сонымен ашықтар дегеніміз кімдер? Ашық мәдениетінің қазақ әдебиетіне қандай қатысы бар? Міне, осындай сұрақтар төңірегінде түркітану ғылымының табалдырығына аяқ бастық. Осы шағын мақаламызбен, ең бірінші, ашықтарды кеңінен танытқымыз келеді. Жалпы түрік әдебиеті тарихы Ислам дінін қабылдағанға дейінгі, Ислам дінін қабылдағаннан кейінгі және Батыс мәдениеті ықпалындағы түрік әдебиеті деген негізгі үлкен үш кезеңнен тұрады. Біздің зерттеу нысанымызға қатысты Ислам дінін қабылдағаннан кейінгі кезең де даму үрдісіне сай Диван немесе Сарай әдебиеті және Халық әдебиеті болып бір-бірінен тақырыптық, идеялық, тіпті көркемдік тұрғыдан алшақ екі бағытта дамыды. Тақырыпты осы халық әдебиетімен өрбітеміз. Түрік халық әдебиеті іштей Ононимді, Ашық және Тасаввуф немесе сопылық әдебиет деген үш топта қарастырылады [1, 55].

Исламды қабылдағаннан кейінгі ауыз әдебиеті Ашық әдебиетінің негізі саналады. Аталған әдебиет XV ғасырдан кейін дамыды. Махаббат, табиғат, батырлық тақырыптарындағы өлеңдерді саздың сүйемелдеуімен орындаған ақындар исламға дейін озан, бақсы, кам деп аталса, ал кейіннен оларды Ашық немесе саз ақыны деп атау қалыптасады. Ашық немесе саз (музыкалық аспап) ақындары өлеңдерінде діни тақырыптардан басқа барлық тақырыптарды поэзияларына арқау етті. Ашық әдебиеті тек қана поэзиядан (өлеңдерден) тұрады. Ашықтардың көпшілігі оқу, жазу білмегенімен, саз тарту, өлең айту қабілеттеріне жетік болған. Саз ақындары әуелі ұста ақындардың жанында жүріп үйренген, кейіннен лақап ат алып жер жерді аралап өлеңдерін орындаған. Ашықтардың қасында үнемі көмекшілері, қазіргі тілмен айтқанда хатшылары жүрген. Олар ашықтың аузынан шыққанын қағазға түсіріп отырған. Солардан құралған қойын дәптерді немес қолжазба кітапты жөнк деп атаған. Ашықтық мәдениет қазіргі таңда Анадолыда аймағында жалғасын тауып отыр.

Ақындар халық арасынан шыққаннан кейін халықтың қолданысындағы қарапайым тілмен, түрік тілінің заңдылықтарына сай өлеңдер шығарған. Сарай әдебиеті бұл тұста қалықпен байланысын үзе бестап еді. Осы қарапайым тіл XVIII-XIX ғасырларда кейбір ақындардың Диван әдебиетінен әсер ала бастауына байланысты өзгеріске ұшырағандығы да аздап байқалады [2, 13].

Ашықтар өлеңдерін жеті, сегіз, он бір буын өлшемдерімен төрттік шумақтар түрінде жазған. Өлеңдерінің соңғы шумағында ақынның аты немесе лақап аты аталатын болған. Кейбір өлеңдердің тілінен аймақтық ерекшеліктерді көруге де болады. Диван әдебиетінде қалыптасқан метафора, метонимияларды халық әдебиетінен де көруге болады. Мысалы сүйіктіні суреттегенде маржан тіс, алма бет, бадам көз, ши ерін, қиғаш қас, сүрме шаш, шынар бойлы сияқты ұқсатулар кеңінен қолданылған. Ашық әдебиеті шындықты, ақындардың көріп түйгендерін, басынан өткендерін жырлайтын әдебиет болған [3, 50].

Ашық әдебиетінің әр ғасырдағы ең басты өкілдері ретінде төмендегі есімдірді таныстырамыз:

XVI ғасыр: Көроғлы, Құл Мехмет, Ашық Гарип, Ашық Керем

XVII ғасыр: Каражаоғлан, Қайықшы Құл Мұстафа, Ашық Өмер, Құлоғлы

XVIII ғасыр: Гевхери

XIX ғасыр: Дертли, Дадалоғлы, Ерзурумдық Емрах, Байбурттық Хихни, Сейрани, Рухсати

XX ғасыр: Ашық Вейсел Шатыроғлы, Ашық Али Иззет, Ашық Мурат Чобаноғлы, Ашық Рейхани, Ашық Шереф Ташлыова

Түрік әдебиетіндегі авторлығы сақталған, халыққа кеңінен танымал болған шығармашылық тұлғалар - ашықтар (ақындар) деп аталған.

Қорыта айтқанда, ашықтар поэзиясы - түрік рухани мәдениетінің қымбат асыл қазынасы. Ашықтардың шығармалары фольклор мен әдебиет дәстүрлерін кеңейте, тереңдете дамытты. Олардың шығармашылығында түркі өркениеті материалдық және рухани мәдениеттеріне тән көшпелі және отырықшы тұрмыс тіршіліктері, дәстүр ерекшеліктері тұтастана сақталды. Түрік ашықтарының шығармаларында халықтардың ғасырлар бойы қалыптасқан тұрмыс салтындағы, еңбек, шаруашылық кәсібіндегі дәстүрлі жағдайлар поэтикалық ерекшеліктер сипаты мен жырланды. Адамдардың психологиясына тән жақсылық пен жамандық туралы толғаныстар лирикалық-дидактикалық сарындармен жырланды. Ал, түпкі негіздері бір қазақ ақындарының шығармаларында да адамгершілік қарым- қатынастарының сан алуан қырлары поэтикалық-психологиялық тереңдіктермен жырланды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Турумбетова Ж.Н. Түріктің ашықтық және қазақтың ақындық поэзиясындағы дәстүр үндестігі. – Алматы, 2018. -250 б.
2. Жалмырза А.А. Отаршылдыққа қарсы Түркістан әдебиеті (қалыптасуы, даму ерекшеліктері және көркемдік сипаты) – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасы, 2013. – 202 б.
3. Köprülü-zade M.F. Türk Edebiyatı Tarihi. – Ankara,1923. -560 s.